

*Шыңғысова Н.Т.*

## АЙМАҚТЫҚ БАСЫЛЫМДАҒЫ МАЙТАЛМАН ҚАЛАМҒЕРЛЕР ҚОЛТАҢБАСЫ

*Шыңғысова Н.Т.*

### ПОДПИСИ ТАЛАНТЛИВЫХ ПИСАТЕЛЕЙ В РЕГИОНАЛЬНОМ ИЗДАНИИ

Аймақтық басылымдар облыс өмірінің шежіресі іспетті. Жүріп өткен жолына көз жүгіртсек, өлкенің тынысы мен тіршілігінен, тарихынан сыр шертеді. Облыстық «Қостанай таңы» газеті де дәуір жыршысы тәрізді, сарғайған парактарды ақтара қалсаң, жарқын істер мен шығармашылық шеберліктің куәсі боласың. Мұхаметжан Сералин, Бейімбет Майлин сияқты қазақ публицистикасының көрнекті өкілдері іргесін қалаған басылымның қабырғасында ақын Ғаббас Жұмабаев, Сырбай Мәуленов қызмет еткен. Редакция ұжымында қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов та болған.

Газет редакторының орынбасары қызметін атқарған, Отан соғысының ардагері әрі ардагер-журналист Сырлыбай Бүркітбаев 1947 жылы редакцияға жұмыс сұрап бас сұғады. Редактордың орынбасары Сырбай Мәуленов іссапарда жүрген редактор Беген Байсақаловтан сұрамай-ақ оны қызметке алады. Бұл жайлы С.Бүркітбаев былай деп баяндайды: “Редактордың кабинетіне имене басып кірдім. Кабинет төріндегі столдың қарсы қабырғасына жапсырылған қара темір пештің түбіндегі стол басында арқасын пешке тосып, қараторы, бойы ортадан жоғары, кесек тұлғалы жігіт ағасы бірдемені жазып отыр екен. Маған назар аударып, аса бір ілтипатпен: - Жігітім, шаруанды айта бер, - деді” [1]. Қызметке кіргеніне 2 аптадай уақыт болғанда редактор оған жаңа жылдық нөмірге шағын көсемсөздік материал жазуын тапсырады. С.Бүркітбаевтің журналистік білімі жоқ, мұғалімдер институтының әдебиет факультетіне оқуға түсіп, отбасы таукіметіне байланысты оқуды тастап кеткен. Ол қатты қиналады. Бірнеше қайтара жазып, С.Мәуленовке апарады. Материалдың шикілігі сонша, тіпті өңдеуге де келмейді. Онымен жайлап отырып сыр шертіскен Сырекең материал жазарда татымды деректер табу, оны қалай ұтымды пайдалану, тақырыпты терең ашып көрсетудің әсерлі әдістері, сөз саптауды жетілдіру секілді шеберлік мәселелерін әңгіме арқауына айналдырады. Өзіне машинка басатын қызды шақырып алып, С.Бүркітбаевқа тапсырылған материалды ә дегенше ауызекі айтып береді. “Кремльдің куранттары” деген мақаланың авторы С.Бүркітбаев болып газетте жарық көрді. Сол материалды қайта-қайта оқып, Сырекеңнің шығармашылық әдістемесінен сусындай түстім. Сырекең жас журналистердің пірі болды”, - дейді ардагер журналист өз естелігінде ағынан жарылып. Расында да Сырбай Мәуленов жас мамандардың материалын зер сала оқып, түзетіп беруден жалықпайды екен. Әрбір әңгімесінен шығармашылық сабақ алуға болатын мінезі

қарапайым, ашық-жарқын С.Мәуленов жайлы одан үйренген шәкірттері кәсіби шеберлігін, өнеге боларлық іс-әрекеттерін ерекше айтады.

Біз С.Мәуленовтің фельетондарын “Большевиктік жол” газетінен кездестірдік. “Қостанай таңына” жариялаған мақаласында С.Оспанұлы “План жақсы, іс нашар”, “Пішен жинау қарқыны нашар” тәрізді сын мақалаларын фельетон деп шатастырған [2]. С.Мәуленовтің газеттің 1943 жылғы 8 қыркүйектегі санында жарияланған “Пешковтың клубы, аузында тұр құлыбы” деген фельетонында баяндау басым. Бұл Мәуленовтің алғашқы фельетондарының бірі болса керек. “Шаш ал десе, бас алады” деген фельетонның тілі өткір, сыны уытты. Оның сондай-ақ “Жаңбыршиннің жарлығы, Сәлменовтің салығы”, “Әккілер туралы актілер” деген фельетондары шебер жазылған. Мәуленовтың өлеңмен жазған фельетондарының ұйқасы шымыр болып келеді. Шығарманың сюжетін құбылта құру, сөзді ойнатып қолдану Мәуленов фельетондарының басты ерекшелігі. Мысал келтірейік: “Төлегенов, Наурызбаевтар жұрт көзіне қой аузынан шөп алмайтын момақан адамдар болып көрінеді. Тілдері майда, жүздері жылы болғанымен, қылықтарына қарасақ, түйені түгімен, қойды қан-жынымен, сақадай сары бидайды центнерімен жұтатын нағыз қулардың өзі” (“Сыбайластар сыры”). Автор бұл фельетонында да жаңа форма тапқан. Үш жемқордың басын қосып, біреуіне өлең шығартып, олардың барлық сырларын өздерінің аузымен айтқызады:

- Досекең 6 жылдан бері бастық,  
Біз соның арқасында көңіл аштық.  
Мың-мыңдап қалтамызға салдық ақша,  
Базарға қапшық-қапшық сатып астық...  
Басқаға сырымызды алдырмадық,  
Шөп сатып, ортадағы малды ұрладық.  
Отчеттан 6 қойды алып қалып,  
Етіне үшеуіміз де болдық қарық...

Арасындағы қара сөзбен жазылған өзара әңгімесін де автор оқиғаны бір-бірімен байланыстыру үшін жаза салмаған, бұл диалогтарда да астар жатыр:

“- Ой, тәйірі, есеп жағын реттейтін Ізтілеужан отырған жоқ па. Ол түгіл қымыздан өнген жүз мың сомды да реттей білген” [3].

Басылымдағы “Журналистің қойын дәптерінен”, “Ағаларды сағынғанда” айдарлары естеліктерге толы, мазмұнды. “Қостанай таңының” тілшісі Жақсылық Жүнісұлы алдыңғы толқын ағаларды аса жоғары бағалап, құрметпен есіне алады: “Өзгесінен бұрын ашаршылықтың қоршауында қалған, қуғын-сүргіннің бодауында кеткен, сұрапыл соғыстың

отына шарпылған азаматтарды көзімен көрген, қайсыбірімен дәмдес болған, сөйтіп лайықты ізбасарларына айналған ағаларымыздың іс-қимылы, сөз саптауы, жүріс-тұрысы бөлек-ау, бөлек. Аз күндік байлыққа асып-тасып, маңайындағыларға ошырая (одырая немесе ажырайып. – авт.) қарайтын, лауазымы үлкен адамдардың қолтығына кіріп, диплом мен қызметті, награданы бөрікімен қағып алатын, газет, журналдарды шоқып оқып, көше кезген өсекті малданатын, таланттының бағына таласып, жүйкесіне ши жүгіртетін пенделерді кездестіресің де налысың. Артынша өмір көрігінде шыңдалған, ардақты ардагерлерімізді жоқтатпаған ағалардың ерекше қасиеттерін ойыңа оралтасың да, сабаңа түсесің”, - дей келіп, газетте қызмет істеген Ә.Абдуллин жайлы сөз қозғайды [4].

“Сәл нәрседен кілт етпе мінезін түсінбеушілер де табылар. Онысы – Бекболат Әдетов, Сапабек Әсіпов, Сабыржан Шүкіров сынды қазақ баспасөзінің майталмандарымен қатар қалам тербеп, елде жалғыз қалғанына іштей кіжінгені”, - дейді.

“Қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар, ұлан даланың қияндағы бір бөлшегі, шежірелі өңірде болмысты пайымдап, шындықты шыңдауға қызмет істеген қадірлі аға” [5]. Бұл пікір де қаламгер Әмірхан Абдуллин туралы. Ол аудандық “Жаңа өмір” (қазіргі “Торғай тынысы”) газетінің редакциясына 1961 жылы жұмысқа орналасады. Өлең шығарады, мақала жазады, макет сызады, суретке түсіреді. Ұшқыр ойлы фотоэтюдтері мен шағын заметқалары оның талантынан хабар беретін. Сапабек Әсіпұлынан үйреніп, редакциядағы жұмыстың барлық сатыларынан өткен журналистің туа біткен талантына мол тәжірибесі қосылып, жастарға жөн сілтер майталман қаламгерге айналады. “Ежелгі Торғай өңіріндегі дәуір жылнамасын, тарихи өлкенің шежіресін жасаушы газеттегі ұстазға айналды. Оның тәлім-тәрбиесін алған қаламдас ізбасарлары ондап саналады. Мысалы алпысыншы жылдардың ортасында аудандық газетте қаламын ұштап, қанатын қатайтқан Серік Тұрғынбекұлы т.б.” [6]. Журналистің А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Әліби-Аманкелді т.б. туралы мақалаларын оқи отырып, расында да Торғай өңірінің тарихын жасауға зор үлес қосқандығын байқауға болады. Ұлт-азаттық көтерілісінің тарихын ойда сақтауға жеңіл, қарапайым түрде балаларға ұсынған, “Сарбаздар”, “Қанжар” атты кітаптардың авторы Ә.Абдуллинге қазақтың көрнекті ақыны Серік Тұрғынбеков: “Есіміңіз Торғай шежіресінде тұңғыш балалар жазушысы ретінде қалады” деген екен. Әріптестері естелік-әңгімелерінде Ә.Абдулинді өте талапшыл, еңбекқор, газеттің әр санын шығаруға белсене араласатын, кәсіби міндетіне шексіз берілген жан ретінде бағалайды. “Сол кездегі редакцияның көлігі шаң-шаң, ескі, өкпесін сүйреткен, жылдамдық ауыстырғышының орнында ұзын көсеу секілді темір орнатылған. Онымен ауылға ілдалдалап әрең барып келеді. Кейін

істен шықты. Әмірхан Абдуллин одан кейін кездескен көлікпен іссапарға шығып кете беретін, қарауындағылардан да соны талап ететін” [7].

1990 жылдары “Қостанай таңы” газеті қатты күйзелді, таралымы құлдырап, жабылып қалған да кездері болды. Кеңірек баяндайық.

Бұл жылдары газеттің мазмұны жаңарды, ауыл өмірі, тіршілік түйткілдері шынайы көрсетілетін болды. Оқырмандар да серпіліп, ақпаратқа қажеттілік өсе түсті. Зұлмат жылдардың ақиқаты, тіл, дін, тарихи көкейтесті мәселелер батыл көтерілді.

1997 жылы “Қостанай таңына” Меңдіқара ауданының бір ауылында 2 адам ғана жазылған, 1998 жылы 20-дан астам адам жазылған. Ол ауылға пошта аптасына бір-ақ рет барады екен. Ауыл оқырмандары газеттің кешіккендігіне, материалдарының ескіріп кететіндігіне қынжылады [8].

Тоқсаныншы жылдардағы газеттің айшықты айдар, топтамаларына тоқталайық. Оқырмандардың мұң-мұқтажы мен алғысы, ой-пікірі “Хат жаздым, қалам алып...” айдарында көрініс табады. Тұрмысы нашар, егін екпейтін, қолындағы азын-аулақ малымен күнелтіп отырған қарапайым халықтың малын базарға сатып, азық-түлік алуға да мүмкіншілігі жоқ, жер шалғай. Қойдың жүні мен терісі де өткізе алмағандықтан, ысырап болады. 150-ден артық отбасының үйінің алдында 50-60 кг жүн үйіліп жатыр. Осыған байланысты редакцияға хат жазған Жанкелдин ауданының оқырмандары: “Газет халық қамын ойлайтын бір жанашыр орын еді. Басшыларға айта ма, басқа бір лажын таба ма деп жазып отырмыз. Осы хаттың жауабын да ала алмаймыз. Бізге хат, газет әкеп беретін ешкім жоқ. Байланыс орны өткен жылы жабылған”, - дейді [9]. Оқырмандар газетке үміт артып, газет арқылы әділдік іздейді. Оған “Ендігі үмітім газетте”, “Еңбекақымды ала алмай жүрмін”, “Соққыға жыққандар жазасыз кетпек пе?” сияқты хаттар куә. Ал басылым ең алдымен оқырманға арқа сүйейді. Баспасөздің тірегі – белсенді автор мен оқырман екендігін түсінеді. Қоғамдық тілшілердің материалдарына мұқиятпен қарайды. “Шын жүректен жаным ашиды” деген оқырман хатында да пошта байланысы үзілгендігі, газет, журнал, тіпті жеделхатты да өзің арнайы іздеп бармасаң, табылмайтындығы баяндалған. Оқырманның: “Ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызды, әдебиетімізді облысымызда шығып жатқан өзге басылымдар емес, тек “Қостанай таңы” газеті ғана жазады”, [10] - деуі газетке артылған жауапкершіліктің салмағы мен газеттің көтерген жүгін көрсетеді. Оқырмандар ұжымдастыру кезеңінде, тіпті соғыс кезінде елді мекендерге жеткен газет нарық заманында өз оқырмандарын таба алмайды дегенге сенбейтіндіктерін жасырмайды. Тығырықтан шығудың жолдарын да осы оқырмандар ойы өрбітеді. Ол – компьютер, шағын баспахана алу, қазақи намысы бар әкімдермен тіл табысу, аудан

әкімдерімен олардың шаруашылықтарын көрсетіп тұру, осыған орай олардың көмектесуі туралы шарт жасасу, оқырмандар пікірін білу, оларды тарту, тақырыптарды жаңарту, өнер, спорт, шешендік сөздер жайлы материалдар басу. Айдарда тіл мәселесі, көше, ауыл аттарын қазақшалау сияқты мәселелер де жазылады.

Басылымдағы қосымшалар “Газет ішіндегі газет” деген атаумен беріледі. “Ақсұлу” газеттің әйелдерге арналған қосымшасы. Онда оқушылардың өлеңдері де жарияланады.

1990 жылдардың аяғында облыста барлығы 44 облыстық, аймақтық, қалалық, аудандық газеттер шығып тұрды. Облыста қазақ тілінде шығатын жалғыз газет – “Қостанай таңы” еді. Сондықтан газеттің жергілікті және орталық билік органдарының қызметін, мәні мен маңызын, қабылдаған шешімдерін халыққа жеткізіп, қоғамдық пікір қалыптастырудағы ролі ерекше. Газеттің тиражы 1880 ғана еді. Бұл редакция қызметкерлерімен қатар оқырмандардың да жанына батты. Осы жылдары облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы қала, аудан редакторларының кеңесін өткізіп отырды. Оның мақсаты – жергілікті газеттердің жетекшілерін сол кезеңдегі жағдайларға дұрыс бағыттау еді. Осындай бір кеңесте “Баспасөз туралы” Заңның бұзылатындығынан нақты мысалдар келтіріліп, одан редакторларды сақтандырды. Өтпелі кезеңнің күрделі мәселелері, экономикалық реформалардың маңызын, “Қазақстан-2030” стратегиясының мән-мақсатын халыққа түсіндіруде басылымдарға міндеттер жүктелді. Бұл кеңесте өз міндетін ойдағыдай атқарып жүрген басылымдар ретінде қалалық “Рудненский рабочий”, “Дела и люди”, көптаралымды “Лисаковская новь” және Қарабалық аудандық газеті аталды. Көріп отырғанымыздай, облыста қазақ тілді басылымдарды атап, ынталандыруға көңіл бөлінбеген сынды. Қостанайдағы көптеген аудандық газеттердің материалдық-техникалық базасы нашар еді,

тәжірибелі журналистер жетіспеді. Басылымдар оқырмандарға уақытысында жеткізілмеді. Қаржылық қиындықтар әсіресе Таран, Алтынсарин, Қарасу аудандық газеттерін қысып, тіпті шығуын тоқтатқан кездері болды.

1990 жылдардың аяғындағы “Қостанай таңы” газетіне тән кемшіліктер:

1. Материалдардың өткірлігі кем;
2. Ұзынсонар, шұбалаңқы материалдар көп;
3. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерге терең талдау жасалмайды;
4. Көпсөзділік басым;
5. Басшыларды орынды-орынсыз дәріптеу;
6. Газет бетінде мамандардың жүргізген социологиялық зерттеулерінен өзге журналистік зерттеу мүлдем жоқ.

Газеттің ерекшеліктері:

1. Тартымды, көкейкесті мәселелерді көтеруге тырысады;
2. Облыстың тыныс-тіршілігінен мол ақпарат береді.

#### Әдебиеттер:

1. С.Бүркітбаев. Сырекеңмен сырлас болдым. // Қостанай таңы. 19 қаңтар, 1999.
2. Оспанұлы С. С.Мәуленов фельетондары. //Қостанай таңы, 29 қазан, 1999.
3. Бұл да сонда.
4. Жүнісұлы Ж. Ағаларды сағынғанда. // Қостанай таңы. 19 қаңтар, 1999.
5. Ысмағұл М. Болмысты байымдап, шындықты шыңдаған. Қаламгер Әмірхан Абдуллин шығармашылығы туралы сөз. //Қостанай таңы. 21 қаңтар, 1998.
6. Бұл да сонда.
7. Бұл да сонда.
8. Ерғалиев О. Хат жаздым, қалам алып... // Қостанай таңы. 8 мамыр, 1998.
9. Хат жаздым, қалам алып... //Қостанай таңы, 10 қыркүйек, 1999.
10. Қостанай таңы, 22 қазан, 1999.